Қазіргі кезеңде психологиялық және педагогикалық әдебиеттерде «технология» ұғымы кеңінен пайдаланыла бастады. Бұл термин өмірге компьютерлік техниканың келуімен және білім беру саласында «жаңа компьютерлік технологияның» енуімен сипатталады. Ғылымда дамудың жаңа бағыты – технологиялық бағыт өмірге келді. Ғылымдағы осы технологиялық бағыттың пайда болуы және оның педагогикада тереңірек зерттеле басталуы кездейсоқтық емес. Себебі педагогика ғылымы ежелден-ақ білім беру, тәрбиелеу, оқыту саласындағы ең тиімді әдіс-тәсілді табуға, оны өмірде пайдалануға, жоғары нәтиже алуға талпынады, оқытудың жаңа формалары мен әдістерін табуға ұмтылады.

«Технология» сөзі грек тілінен енген және екі сөз тіркесінен құралады: «*techne*» – өнер, шеберлік, іскерлік дегенді білдірсе; «*logos*» – ғылым, ілім дегенді білдіреді және «өнер туралы ілім» немесе «шеберлік туралы ілім» (Российская педагогическая энциклопедия, 1998:67).

Алғашында «технология» ұғымы өндіріс саласында қолданыла бастады да ғылымда «технологиялық үрдіс» термині ендірілді. Технологиялық үрдіс деп бұған дейін белгілі ғылыми заңдылықтар негізінде белгілі бір реттілікпен орындалатын операциялар жүйесінен тұратын жәй басқарылатын өндірістік үрдісті атайды (Бершадский, 2003:10).

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге жасалған талдауымыз көрсеткендей, қазіргі педагогикалық теорияда «педагогикалық технология» ұғымына бірдей көзқарас жоқ, оны біреулер білім беру ұйымдарын техникаландыру десе, енді біреулер оқытуды аудиовизуальды құралдармен қамтамасыз етіп, компьютерлендіру деп қарастырады, ал келесі бір көзқарас бойынша дидактикалық жобалар

мен педагогикалық жүйені, оны практикада қолданудың дәрежесін көтеру болып табылады. Осының бәрі бұл ұғым, құбылыстың көп қырлылығын сипаттайды, яғни оны зерттеудің методологиялық бағыт-бағдарын негіздеуді қажет етеді. Мұндай бағыт-бағдарға жүйелілік, іс-әрекеттік және жеке көзқарас тән.

Б.Т.Лихачев педагогикалық технологияны оқу үрдісіне белгілі бір мақсат көздей әсер ететін педагогикалық ықпал деп түсіндіреді. Ал, технологиялық үрдісті нақты педагогикалық нәтижеге жетелейтін бірліктердің (өлшемдердің) белгілі бір жүйесі ретінде көрсетеді.

Б.Т. Лихачев: «Педагогикалық технология түпкілікті өзгермейтін механикалық құрылым емес, қайта бала мен мұғалімнің үнемі түрленіп отыратын өзара қарым-қатынасының өзегі, мазмұнды ұйымдастырушы құрылым. Педагогикалық технологияның мәні-шығармашылық қабілеттің дамуы үшін қажетті жағдай туғызу» – деп, педагогикалық технологияның мәнін ашады (Лихачев, 1998:145).

В.П. Беспальконың пікірі бойынша, «Педагогикалық технология – оқу үрдісін жүзеге асыратын мазмұндық техника» (Беспалько, 1989:192).

Белгілі ғалым-әдіскер В.М.Монахов: «Педагогикалық технология – бұл оқушы мен мұғалімнің оқу үрдісін жобалау және ұйымдастыруда бірігіп қызмет етуіне қолайлы жағдай туғызатын, әбден ойластырылған педагогикалық «іс-әрекеттің үлгісі» – деп анықтайды (Монахов, 1995:211).

ЮНЕСКО-ның анықтамасы бойынша, «педагогикалық технология – бүкіл оқыту үрдісі мен білімді техникалық және адам ресурстарын олардың бір-біріне өзара әсерін, білім берудегі формасын оңтайландыру міндеттерін ескере отырып, меңгеруді жүзеге асырудың жүйелі әдісі» (ЮНЕСКО. Доклад ЮНЕСКО о положении дел в мировом образовании за 1991 год.–Париж, 1991).

М.Чошанов: «Технология – бұл дидактикалық жүйенің құрамды бөлігі» – деп анықтама береді (Чошанов, 1996:160).

Г.К. Селевконың пікірінше, педагогикалық технология үш түрлі өрісте көрінуі мүмкін:

ғылыми, бейнелік және нақты. Бірінші жағдайда ол педагогика ғылымының оқытудың мақсатын, мазмұнын және оқыту әдістерін зерттеп, педагогикалық үрдісті жобалаушы бөлігі, аймағы болып табылады (Селевко, 1998: 255).

Болашақ педагогтің технологиялық білік-дағдыларына жататындар:

- операциялдық-әдістемелік білік-дағдылар;
- психологиялық-педагогикалық білік-дағдылар;
- бағалаушылық білік-дағдылар;
- диагностикалық білік-дағдылар;
- эксперттік білік-дағдылар;
- ғылыми-зерттеушілік білік-дағдылар (Сәтбекова, 2026:47).

Қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіктері дегеніміз – білім беру үдерісін ұйымдастырудың барлық кезеңдерінде ақпараттық-коммуникациялық технологияны еркін пайдалануға және сабақты дайындықтан бастап, цифрлық ортаны құруға көмектесетін білім алушылардың жеке білім беру траекторияларын құруға, оларды ынталандыруға және оқу жетістіктерін болжауға көмектесетін мүмкіндік беретін білім, білік және дағдылар жиынтығы (Аймалетдинов, 2019:6).

Бүгінде әлем педагогтері заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жалпы білім беруде шебер қолданудың артықшылықтарын көбірек біледі. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар білім мен қарым-қатынас қажет болған жерде мәселелерді шешуге көмектеседі.

Оларға келесілер жатады: оқу процестерін жетілдіру, білім алушылардың білім беру нәтижелерін және олардың оқу мотивтерін арттыру, өзара іс-қимыл ықпалдастықты жақсарту, білім беру ұйымдары желісіндегі байланыс және бірлескен жобаларды жүзеге асыру, цифрлы білім беру бағдарламаларын ұйымдастыруды және басқаруды жетілдіру.

Бұл таңқаларлық емес, өйткені интернет-ресурстар инновациялық экономика мен заманауи қоғамды дамытуға мүмкіндіктер білім беру үшін қол жетімді болды (Структура ИКТ-компетентности учителей. Рекомендации ЮНЕСКО,2011:7).

Соңғы жылдары көптеген елдер, соның ішінде Ресей, білім беру процесінде цифрлық технологияларды қолдану шарттары мен салдарын зерттеуге бағытталған көптеген күш-жігер жұмсады, педагогтердің жұмыстарындағы өзгерісті, білім беру әкімшілігіне қойылатын жаңа талаптарды сипаттады, сонымен бірге бұл процестің тигізетін оң-пайдалы тұстары және теріс-кемшіл жақтарын толықтай зерделенді (Соколова, 2013а:28).

Білім беру саласындағы көшбасшы елдердің тәжірибесін егжей-тегжейлі талдау педагогикалық тәжірибеде педагогтердің техникалық біліктіліктеріне қойылатын талаптардың қарапайым тізімінен бас тартуға мүмкіндік берді. Керісінше, педагогтің АКТ құзыреттіліктері оларды педагогикалық жұмыстың барлық кезеңдерін ұйымдастыруға және цифрлық технологияларды тиімді пайдалану (оқытуды дараландыру, шығармашылық тапсырмаларға арналған техникалық шешімдер, интерактивті жобалық жұмыстар және т.б.) негізінде білім беру сапасын арттыруға мүмкіндік беретін қолданбалы білім, білік және дағдылар жүйесі ретінде сипатталады (The Digital Competence Framework 2018:2).

Педагогтердің цифрлық технологияларды қолдану құзыреттілігі олардың технологияны оқу процесінде қолдана білуінен ғана емес, сонымен бірге олардың әріптестерімен, студенттермен, оқытушылармен, ғылыми қауымдастықпен және басқа да мүдделі тараптармен ынтымақтастық пен қарым-қатынас тәсілдерінен көрінеді: инновацияны өз тәжірибесіне ендіре алуы; кәсіби тұрғыдан өзін-өзі жетілдіре алуы және дамытуы (Соколова, 2018б:193).

Нәтижелер. Қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтің цифрлы құзыреттілігін қалыптастырудың педагогикалық шарттары төмендегідей:

- 1) Ақпараттың көлемі: ақпаратты қабылдай алу жылдамдығы;
- 2) Ақпаратты мағыналы әрі мазмұнды өңдей алуы: ізделінген, өзіне қажетті ақпаратты таба алуы және сұрыптай алуы;
- 3) Ақпаратты қабылдау сапасы: қажетті материалды игеруі;

4) Ақпарат негізінде шешім қабылдай алуы: педагогикалық рефлексия жасай алуы және сындарлы ойлай алуы және т.б.

Қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтің цифрлы-технологиялық құзыреттілігі болашақ педагогтің интернет ресурстары, педагогикалық сайт, портал және цифрлы оқыту платформасы, заманауи цифрлық оқу контенттері, электронды және мультимедиалық оқулықтармен, компьютерлік бағдарламалар, мультимедиалық құрылғылармен жұмыс жасау дағдысының қалыптасуымен анықталса, ал болашақ педагогтің цифрлы-әдістемелік құзыреттілігі болашақ педагогтің жоғары оқу қабырғасында жүргенде-ақ болашақ мамандығы және болашақта сабақ беретін пәні бойынша электронды портфолио, ақпараттық банк қоры және электронды медиатека жасақтай алуымен; педагогикалық коучинг және педагогикалық тренингтер ұйымдастыра алуымен; педагогикалық форум, пікірталастарға қатысып, өз инновациялық жобасын ұсынып, өз идеясын еркін қорғай алуымен сипатталады (2-сурет).

3-суретте қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру нобайы ұсынылды.

Қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін жоғары білім берудің мазмұнын түбегейлі өзгерту қажет.

Қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің теориялық білімі кәсіби даярлық бағытында жүзеге асырылуы тиіс және педагогикалық жоғары оқу орындарында тек «Педагогика» пәні ғана оқытылмауы тиіс, келесідей заманауи педагогиканың салалары да оқытылуы тиіс: «Цифрлы педагогика»; «Киберпедагогика»; «Медиапедагогика» және т.б.

Қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің практикалық білімі кәсіби білім беруге бағытталады және педагогикалық жоғары оқу орындарында қашықтықтан білім беру бойынша цифрлы оқу контенттерін оқу-тәрбие процесінде тиімді пайдала-

ну бойынша болашақ педагогтерге арналған онлайн-әдістемелік коучингтер және арнайы онлайн курстар жүргізілуі керек.

Қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін жоғары білім берудің мазмұнын арнайы әдістемелік пәндермен жаңарту қажет.

Болашақ педагог инновациялық білімді қашықтықтан ұйымдастыратын онлайн курс және вебинарлар арқылы да ала алады.

Жаңа жағдайдағы Қазақстанда болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін педагогикалық жоғары оқу орындарында барлық цифрлық білім беру ресурстарына қолжетімтілікті қамтамасыз ететін инновациялық виртуалды білім беру алаңы ретінде цифрлы педагогикалық хаб (педагогикалық кампус) жасақталуы тиіс.

ҚР-да болашақ педагогтердің цифрлы креативті құзыреттіліктерін арттыру бойынша SMART-болашақ педагог цифрлы педагогикалық кампус төмендегідей 8 онлайн-педагогикалық ресурстарды қамтитын болады:

1) SMART- онлайн педагогикалық шеберхана (педагогикалық орталық) – мұнда болашақ педагогтер отандық және шетелдік жаңашыл педагогтердің бейнесабақтарын көру, талдау, педагогикалық практика кезеңінде сынақтан өткізу нәтижесінде педагогикалық мамандықтың таңғажайып құпияларымен танысады.

2) SMART онлайн – педагогикалық студия – мұнда болашақ педагогтер өздерінің алғашқы алғашқы бейнесабақтарын жасап үйренеді, дайындайды.


3) SMART-онлайн – педагогикалық электронды кітапхана – болашақ педагог инновациялық білімді интернет-ресурстар арқылы алады.

4) SMART-онлайн әдістемелік қоржын – болашақ педагогтер жаңашыл педагогтердің алдыңғы қатарлы инновациялық педагогикалық тәжірибелерін үйрену, қолдану бойынша қажетті IT -құзыреттіліктерді меңгереді және электронды портфолио жасақтайды.

5) SMART-онлайн коучинг – мұнда болашақ педагогтер педагогика және жеке пәндерді оқыту әдістемесі бойынша көкейкесті



Сурет 2. Қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтің цифрлы-технологиялық және цифрлы-әдістемелік құзыреттіліктері



Сурет 3. Қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттіліктерін қалыптастыру

проблемалары бойынша педагогикалық коучинг, тренингтерді өткізу бойынша қажетті IT-құзыреттіліктерді меңгереді.

6) SMART-онлайн – коворкинг-орталық – креативті педагогтер мен болашақ педагогтердің ашық алаңы; мұнда болашақ педагог қашықтықтан оқыту проблемалары бойынша инновациялық зерттеулер мен ғылыми жобаларды жүргізуге қатысты креативті құзыреттіліктерді меңгереді;

7) SMART-онлайн виртуалды зертхана – болашақ педагогтер өз мамандықтары бойынша кейбір зертханалық жұмыстарды виртуалды зертханаларда жүргізеді.

8) SMART цифрлы контент – болашақ педагог өз пәні бойынша цифрлы-электронды контент әзірлейді.

Болашақ педагогтер инноватор ғалымдар және жаңашыл мұғалімдердің инновациялық іс-тәжірибелерін зерделеу арқылы технологиялық құзыреттіліктерін қалыптастыра алады.

Цифрлы педагогикалық хабта болашақ педагогтер отандық және шетелдік ғалымдармен бірлестікте ғылыми-зерттеушілік, ғылыми-ізденушілік және ғылыми-шығармашылық жұмыстар атқарады:

1) педагогикалық сайттар мен порталдарға шығады, электронды оқулықтардан инновациялық білім алады;

2) өз мамандығы және болашақта сабақ беретін пәні бойынша ақпараттық банк қорын және электронды медиатека жасақтайды;

3) қашықтықтан оқыту бойынша пайдаланылатын цифрлы оқыту платформасына (BilimLand; Kyndelik. Kz; Darin online және т.б.) және оқу контенттеріне, компьютерлік бағдарламаларға, мультимедиалық құрылғыларға педагогикалық диагностика, мониторинг жүргізеді және SWOT-талдау жасайды.

4) педагогикалық коворкингте қашықтықтан оқытудың өзекті проблемалары бойынша ұйымдастырылатын коучинг, педагогикалық тренинг, форум, пікірталастарға қатысып, өз ойын білдіріп, қажетті цифрлы-креативті құзыреттілікті меңгереді.

5) болашақ педагог өзін-өзін басқара алуы үйренеді: әрбір іс-әрекетіне педагогикалық рефлексия жасайды.

Кез-келген болашақ педагогтің интеллектуалды дамуына қажетті негізгі құзыреттіліктің бірі – білім беру ресурстарын бағамдау және оқу мақсаттарына, студенттер тобының ерекшеліктеріне және оқыту стиліне сәйкес келетін сандық ресурстар мен материалдарды іріктеу, сұрыптау, түрлендірі, өзгерту, жаңа нұсқасын жасау және өз жобасымен (нұсқасымен) басқалармен бөлісу, өз идеясын дәлелдей алуы және т.б.

Талқылау

Қашықтықтан білім беру жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы-креативті құзыреттілігінің маңызы – болашақ педагогтің оқытудың әртүрлі кезеңдерінде цифрлық технологияларды құру, жоспарлау және енгізе алуы. Сонымен бірге, сабақта (жұпта, топта жұмыс жасағанда) басты назар оқытушы емес, білім алушының өзі болатындығына ұмтылу керек. Бұған цифрлық технологияны қолдану арқылы да қол жеткізуге болады.

Педагогикалық жоғары оқу орындарында интернет ресурстарды, цифрлы оқыту платформасын қолдану арқылы қашықтықтан білім беру және оқытуды тиімді жүзеге асыру үшін төмендегідей педагогикалық қағидаларды басшылыққа алған жөн:

1) Педагогикалық жоғары оқу орындарының білім мазмұнын жаңарту қажет: болашақ педагогтің цифрлы құзыреттіліктерін арттыратындай міндетті арнайы пәндер енгізу (Мысалы: «Цифрлы педагогика», «Киберпедагогика», «Медиапедагогика» және т.б.

2) Жоғары оқу орындарында педагогикалық мамандықта оқып жатқан болашақ педагогтер тек өздерінің болашақта сабақ беретін пәндерін ғана терең меңгермей, болашақта өзінің кәсіби біліктілігін арттыруға толықтай мүмкіндік беретін интернет ресурстарды, цифрлы оқыту платформасында жұмыс жасау дағдыларын еркін меңгерулері тиіс.

3) Интернет ресурстар, цифрлы оқыту платформасындағы материалдардан, ақпа-

раттардан жаңа идеяларды, қажетті мәліметтерді бөліп алып, болашақта кәсіби іс-әрекетте басшылыққа алуы.

4) Интернет ресурстарды, алынған ақпараттарды қазіргі педагогикалық талаптар сай сұрыптай алуы.

5) Интернет ресурстардан алынған материалдарды өзінің мамандығы және пәніне қарай икемдей алуы: мамандықтың, пәннің және әрбір білім алушылардың дербес ерекшеліктерін есепке алу, ескеру және т.б.

6) Оқыту процесінде интернет ресурстардағы материалдарды білім алушылардың танымдық қызығушылықтарын оятатындай етіп нәтижелі қолдану.

7) Оқыту процесінде білім алушыларға Интернет ресурстарын пайдаланып, әртүрлі инновациялық мазмұндағы тапсырмалар берілуі шарт: педагогикалық кейстер құрастыру; шағын ғылыми жобалар тұсаукесерін жасау; SWOT-талдау жасау; бейнесауалнама алу; бейнежағдаяттар жасау және т.б.

8) ЖОО қабырғасында болашақ педагогтің цифрлы-технологиялық және цифрлы-әдістемелік құзіреттіліктерін қалыптастыру шарт: болашақ педагог өзінің электронды портфолиосын өзі жасақтай алуы міндетті болуы керек.

Қорытынды

Цифрлы технологиялар болашақ педагогтердің білім деңгейлерін бақылау мен бағалаудың қолданыстағы әдістерін дамытуға және жаңа, неғұрлым озық заманауи әдістерін құруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, білім алушылар туралы және олардың цифрлық ортадағы белсенділігі туралы көптеген ақпаратты талдау арқылы ЖОО оқытушысы оған жеткілікті дәрежеде көмек көрсете алады, цифрлы ортада болашақ педагогтің дербес жұмыс жасауына мүмкіндік ашылады.

Қашықтықтан оқыту жағдайында болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қосымша дамытуға және анықтауға мүмкіндік бар, атап айтқанда:

1) білім алушылармен және әріптестерімен сандық байланыс мүмкіндіктерін үйрету;

2) цифрлы ортада оқытушылармен материалдар алмасу және құру дағдыларын дамыту;

3) оқу материалын құру және барды бейімдеу үшін цифрлы контенттерді пайдалану;

4) ақпаратты қорғау тәсілдері туралы білімдерін тереңдету;

5) ақпараттың сенімділігін бағалау және жалған немесе біржақты ақпаратты анықтау;

6) цифрлық технологияларды қауіпсіз және жауапкершілікпен пайдалану;

7) білім беру мәселелерін шешу үшін цифрлық технологияларды шығармашылықпен қолдану;

8) білім беру процесінде цифрлы технологияларды қолдану және білім алушылардың желідегі белсенділігін бақылау;

9) оқушылардың үлгерімі мен интеллектуалды өсу деңгейлерін бағалау және бақылау үшін сандық құралдарды пайдалануды үйрену және оларды қосымша қолдану.

Оқыту кезінде цифрлы технологияларды пайдаланудың артықшылықтарының бірі – білім алушыларды түгелдей оқу процесіне белсенді қатыстыруға мүмкіндіктерінің болатындығы. Цифрлы технологияларды білім беру қызметін әр білім алушының білімділік деңгейіне, оның қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне бейімдеу мақсатында пайдалануға болады. Сонымен қатар, бар теңсіздіктің жағдайын күшейтпеу үшін (мысалы, білім алушылардың барлығы бірдей интернет желісіне және дербес компьютерге қол жетімділікке және сандық технологияларға икемділікке ие емес) және технологияның барлық білім алушыларға қол жетімді болуын қадағалауымыз керек.

Зерттеу АР09259497 «Жаңа жағдайдағы Қазақстанда педагогикалық білім беру жүйесін жетілдіру: Қазақстан Республикасында қашықтықтан оқытуда болашақ педагогтердің цифрлы құзыреттіліктерін қалыптастырудың технологиялық-әдістемелік аспектілері» атты гранттық жобасы аясында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан қаржыландырылады.

Әдебиеттер тізімі

1. Аймалетдинов Т.А., Баймуратова Л.Р., Зайцева О.А., Имаева Г.Р. Спиридонова Л.В. Цифровая грамотность российских педагогов. Готовность к использованию цифровых технологий в учебном процессе. – М.: Издательство НАФИ, 2019. –84 с.
2. Бершадский М.Е., Гузев В.В. Дидактические и психологические основания образовательной технологии. –М.: Центр «Пед. поиск», 2003.
3. Соколова И.В., Сергеев А.Э. Внеурочная деятельность как форма интеграции науки и школьного образования. // Современные наукоемкие технологии. –2018. –№ 9. – С. 193-197.
4. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. –М.: Педагогика, 1989. – 192 с.
5. Бузаубакова К.Д. Мұғалімдік мамандыққа кіріспе: оқулық. – Тараз, 2020. – 162 б.
6. Информатизация общества и образования: современная теория и практика. Сборник совместных научных работ студентов и преподавателей РГСУ. / Под научной редакцией И.В. Соколовой, О.А. Мудраковой. Москва, 2013.-145 с.
7. Краткий психологический словарь. – М.: Политическая литература, 1985. – 55с.
8. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы [Электронды ресурс]. – URL: [http:// www.edu.gov.kz](http://www.edu.gov.kz) (қаралған күні: 03.05.2021).
9. Лихачев Б.Т. Педагогика. Курс лекций: учеб.пособие для студентов пед. учебн. заведений и слушателей ИПК и ФПК. – М.: Прометей, Юрайт, 1998. – 464 с.
10. Монахов В.М. Технологические основы проектирования и конструирования учебного процесса. - Волгоград: Перемена, 1995. -211 с.
11. Орыс тілінің энциклопедиялық сөздігі. – М.: Русский язык, 1990. – 794 с.
12. Оспанова Б.А. Научные основы формирования креативности будущего специалиста в условиях университетского образования. Монография. – Туркестан, 2006. – 97 с.
13. Сәтбекова А. Болашақ мұғалімдердің технологиялық мәдениеті және оны қалыптастыру мәселелері//Қазақстан жоғары мектебі. – №4. – 2006. – 46-50 б.
14. Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. –М.: Народное образование, 1998.-255 с.
15. Структура ИКТ-компетентности учителей. Рекомендации ЮНЕСКО [Электронный ресурс]. 2011. - URL: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/ pf0000213475_rus (дата обращения: 05.05.2021).
16. Российская педагогическая энциклопедия. В.2-х томах / Гл.ред. В.В.Давыдов. –М.: Большая Российская энциклопедия, 1998.- 672 с.
17. Тұрғынбаева Б.А. Андрагогика. – Алматы: Алатау, 2011. – 85 б.
18. TheDigital Competence Framework [Электронный ресурс]. –2018. – URL: [URL: https://ec.europa.eu/jrc/en/digcomp/digital-competence-framework](https://ec.europa.eu/jrc/en/digcomp/digital-competence-framework) (дата обращения: 10.05.2021).
19. Чошанов М.А. Гибкая технология проблемно-модульного обучения. – М.: Народное образование, 1996. –160 с.
20. Шетел сөздерінің қысқаша сөздігі. – М.,1990. –254 б.
21. ЮНЕСКО. Доклад ЮНЕСКО о положении дел в мировом образовании за 1991 год. – Париж, 1991.

K.D. Buzaubakova, U.T. Nurmanaliyeva

M.Kh. Dulaty Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan

Technological and methodological aspects of the formation of digital creative competencies of future teachers in distance education in the Republic of Kazakhstan

Abstract. The article defines technological and methodological aspects of the formation of digital creative competencies of future teachers in the context of distance education in the Republic of Kazakhstan. It identifies an essence of such concepts as «competence», «digital competence», «digital and technological competence», «digital and methodological competence», «creativity», «digital pedagogical campus».

The essence of such competence components as organizational ability, empathic ability, reflective ability are characterized in a new context.

There is revealed content of digital-technological and digital-methodological competencies of future teachers in the framework of distance education in the article. If the digital-technological competence of a future teacher in the conditions of distance education is determined by the formation of his skills and abilities to work with Internet resources, digital learning platforms, modern computer programs, multimedia devices, the digital-methodological competence of future teacher is characterized by his ability to create an electronic portfolio, an electronic media library and the organization of pedagogical coaching and pedagogical trainings.

The content is revealed. The study highlights a new model of the formation of digital-creative competencies of future teachers in the context of distance education.

Key words: competence, digital competence, digital and technological competence, digital and methodological competence, digital pedagogical campus.

К.Д. Бузаубакова, У.Т. Нурманалиева

Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

Технологические и методические аспекты формирования цифровых креативных компетенций будущих педагогов в условиях дистанционного образования в РК

Аннотация. В статье определены технологические и методологические аспекты формирования цифровых креативных компетенций будущих педагогов в условиях дистанционного образования в Республике Казахстан и раскрыта сущность понятий: «компетентность», «цифровая компетентность», «цифровая технологическая компетентность», «цифровая методическая компетентность», «креативность», «цифровой педагогический кампус».

Сущность компонентов компетенции охарактеризована в новом контексте: организационная способность, эмпатическая способность, рефлексивная способность. Раскрыто содержание цифровых технологических и методических компетенций будущих педагогов в рамках дистанционного обучения. Если в условиях дистанционного обучения цифровая технологическая компетентность будущего педагога определяется сформированностью его умений и навыков работы с Интернет-ресурсами, цифровыми обучающими платформами, современными компьютерными программами, мультимедийными устройствами, то цифровая методическая компетентность будущего педагога характеризуется его умениями создавать электронное портфолио, электронную медиатеку и организацией педагогического коучинга и педагогических тренингов.

В статье также предложена новая модель формирования цифровых креативных компетенций будущих педагогов в условиях дистанционного обучения.

Ключевые слова: компетентность, цифровая компетентность, цифровая технологическая компетентность, цифровая методическая компетентность, цифровой педагогический кампус.

References

1. Aimaletdinov T.A., Vaimuratova L.R., Zaitseva O.A., Imaeva G.R., Spiridonova L.V. Gotovnost' k ispol'zovaniju cifrovyyh tehnologiy v uchebnoy protsessе [Digital competence of Russian pedagogues. Readiness to use of digital technologies in the educational process] (Publishing house of NAFl, Moscow, 2019, 84 p.).
2. Bershadsky M.E., Guzeev V.V. Didakticheskie i psichologicheskie osnovaniya obrazovatel'noy tehnologii [Didactic and psychological foundations of educational technology] (Center «Ped.search», Moscow, 2003).
3. Sokolova I.V., Sergeev A.E. Vneurochnaya dejatel'nost' kak forma integracii nauki i shkol'nogo obrazovaniya [Extracurricular activities as a form of integration of science and school education], *Sovremennye naukoemkie tehnologii* [Modern high technologies], 9, 193–197 (2018).
4. Bepalko V.P. Slagaemye pedagogicheskoy tehnologii [The components of pedagogical technology] (Pedagogy, Moscow, 1989, 192 p.).

5. Buzaubakova K.D Mugalimdik mamandykka kirispe: okulyk [Introduction to the teaching profession: textbook] (Taraz, 2020, 162 p.).
6. Informatizacija obshhestva i obrazovaniya: sovremennaja teorija i praktika. Sbornik sovместnyh nauchnyh rabot studentov i prepodavatelej RGSU [Informatization of society and education: modern theory and practice. Collection of joint scientific works of students and teachers of RSSU]. Edited by I.V. Sokolova, O. A. Mudrakova (Moscow, 2013, 145 p.).
7. Kratkij psihologicheskij slovar' [Brief psychological dictionary] (Political Literature, Moscow, 1985, 55 p.).
8. Kazakstan Respublikasynda bilim berudi zhane gylymdy damytudyn 2020-2025 zhyldarga arналган Memlekettik bagdarlamasy [State programme for the development of education and science of the Republic of Kazakhstan for 2020–2025] [Electronic resource]. Available at: <http://www.edu.gov.kz> (Accessed: 05.03.2021).
9. Likhachev B.T. Pedagogiya. Pedagogika. Kurs lekcij: ucheb. posobie dlja studentov ped. uchebn. zavedenij i slushatelej IPK i FPK [Course of lectures: textbook for students of pedagogical educational institutions and students of IAT and FAT] (Prometheus, Yurayt, Moscow, 1998, 464 p.).
10. Monakhov V.M. Tehnologicheskie osnovy proektirovaniya i konstruirovaniya uchebnogo processa [Technological foundations of the projecting and construction of the educational process] (Change, Volgograd, 1995, 211 p.).
11. Orys tiliniñ jenciklopedijalyk sozdigi [Encyclopedic Dictionary of the Russian Language] (Russian language, Moscow, 1990, 794 p.).
12. Ospanova B.A. Nauchnye osnovy formirovaniya kreativnosti budushhego specialista v uslovijah universitetskogo obrazovaniya [Scientific foundations of the formation of the future specialist's creativity in the conditions of university education]. Monograph (Turkistan, 2006, 97 p.).
13. Satbekova A. Bolashak mugalimderdin tehnologijalyk madenieti zhane ony kalyptastyru maseleleri [Technological culture of future teachers and the problems of its formation], Kazakstan zhogary mektebi [Higher School of Kazakhstan], 4, 46–50 (2006).
14. Selevko G.K. Sovremennye obrazovatel'nye tehnologii [Modern educational technologies] (Public education, Moscow, 1998, 255 p.).
15. Struktura IKT-kompetentnosti uchitelej. Rekomendacii JuNESKO [The structure of IKT competence of teachers. UNESCO recommendations] [Electronic resource]. - 2011. Available at: https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000213475_rus (Accessed: 05.05.2021).
16. Rossijskaja pedagogicheskaja jenciklopedija [Russian pedagogical encyclopedia]. In 2 volumes. Ed. V.V. Davydov (Great Russian Encyclopedia, Moscow, 1998, 672 p.).
17. Turghynbaeva B.A. Andragogika [Andragogy] (Alatau, Almaty, 2011, 85 p.).
18. The Digital Competence Framework [Electronic resource]. –2018. Available at: <https://ec.europa.eu/jrc/en/digcomp/digital-competence-framework> (Accessed: 10.05.2021).
19. Choshanov M.A. Gibkaja tehnologija problemno-modul'nogo obuchenija [Flexible technology of problem-modular learning] (Public education, Moscow, 1996, 160 p.).
20. Shetel sozderinin kyskasha sozdigi [Short dictionary of foreign words] (Moscow, 1990, 254 p.).
21. JuNESKO. Doklad JuNESKO o polozhenii del v mirovom obrazovanii za 1991 god. UNESCO [Report of UNESCO about situation of affaires in the World Education 1991] (Paris, 1991).

Авторлар туралы мәлімет:

Бұзаубақова К.Д. – корреспонденция үшін автор, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті «Білім берудегі менеджмент» кафедрасының меңгерушісі, Төле би даңғ., 6, Тараз, Қазақстан.

Нұрманалиева Ұ.Т. – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті «Практикалық шетел тілдері» кафедрасының меңгерушісі, Төле би даңғ., 6, Тараз, Қазақстан.

Buzaubakova K.D. – **Corresponding author**, Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Project manager, Head of the Department of «Management of education» of M.Kh. Dulaty Taraz Regional University, 60 Tole bi ave., Taraz, Kazakhstan.

Nurmanaliyeva U.T. – Candidate of Pedagogical Sciences, docent, Senior Researcher, Head of the Department of «Practical foreign languages» of M.Kh. Dulaty Taraz Regional University, 60 Tole bi ave., Taraz, Kazakhstan.